

**БЕКІТЕМІН**

**«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»**

**КММ директорының м.а.**

**Л. Кездикбаева**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023 ж.



**«Арнайы пәндер бойынша үздік бейне шеберлік сыныбы»  
облыстық қашықтық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қ., 2023 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже ШҚО ТжКБ жүйесі оқу орындарының арнайы пәндер оқытушылары арасында «Арнайы пәндер бойынша үздік бейне шеберлік сыныбы» облыстық қашықтан байқауын (*бұдан әрі – Байқау*) ұйымдастыру және өткізу шарттарын, тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ болып табылады.

1.3. Байқаудың мақсаты - педагогикалық қоғамдастықтың өзін - өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, педагогтердің шығармашылық қызметі мен кәсіби шеберлігін дамыту.

1.4. Байқаудың міндеттері:

- педагогтердің кәсіби шеберлік деңгейін арттыру;
- білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудың жоғары нәтижелерін қамтамасыз ететін талантты оқытушылардың тәжірибесін қолдау және тарату;
- педагогтердің ақпараттық мәдениетін арттыру.

1.5. Байқауға бір қатысушыдан бір жұмыстан артық қабылданбайды.

## 2. БАЙҚАУДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

2.1. Байқаудың мәні оқытылатын пән тақырыптарының бірі бойынша шеберлік сабағының ұсынылған видеосы мен сценарийі болып табылады.

2.2. Техникалық регламент:

- шеберлік сыныбының сценарийі мен видеосы электронды түрде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады;

- сценарийдің титулдық бетіне қатысушының аты-жөні (толық), лауазымы, жұмыс орны, электрондық мекен-жайы кіруі керек;

- шеберлік сыныбының видеосы 10 минутқа есептелуі керек;

- шеберлік сыныбының мәтіні (сценарийі) doc форматында, А4 форматындағы парақтар, кітап бағыты, Times New Roman қарпі, 14 кегль, бір жарым интервал, ені бойынша негізгі мәтін;

- пайдаланылған әдебиеттер мен интернет-ресурстардың тізімін сценарий соңында орналастырған жөн;

- шеберлік сыныбының сценарийі мен видеосын [metod@tipo-vko.edu.kz](mailto:metod@tipo-vko.edu.kz) электрондық поштасына «Арнайы пәндер бойынша үздік бейне шеберлік сыныбы» белгісімен 2023 жылғы 17 мамырға дейін жолдау қажет.

## 3. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

3.1. Жұмысты бағалау критерийлері, 1-5 балл аралығында есептеледі:

- таңдалған тақырыптың мазмұны мен техникалық регламентіне сәйкестігі;
- сценарийлік баяндаудың айқындылығы мен анықтығы;
- жалпы зияткерлік және мәдени деңгей;
- сценарийдің технологиялық және әдістемелік сауаттылығы;
- өзектілігі, практикалық және әлеуметтік маңыздылығы;
- әдістемеден немесе технологиядан авторлық компоненттердің болуы;
- тақырыпты заманауи деңгейде меңгеруі.



3.2. Шеберлік сыныбының сценарийі мен видеосы білім беру сипатына ие болуы қажет, сондай-ақ жалпыға бірдей танылған ғылыми фактілерге қайшы келмей, этикалық нормаларға сәйкес келуі керек.

3.3. Байқау материалдары авторлық, яғни қашықтан өткізілетін байқауға тікелей қатысушы әзірлеген болуы тиіс.

#### **4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1. Қашықтық байқауға қатысу үшін өтінімдер *(1-қосымша)* **2023 жылғы 17 мамырға дейін қабылданады, 2023 жылғы 18 - 22 мамыр аралығында қатысушылардың байқау материалдарына сараптама жүргізіледі.**

4.2. Байқау нәтижелері **2023 жылғы 23 мамырда** ШҚО білім басқармасының және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайттарында және әлеуметтік желі парақшаларында жарияланады.

#### **5. МАРАПАТТАУ**

5.1. Облыстық қашықтық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері ШҚО кәсіптік білім беру орталығының дипломдарымен марапатталады.

5.2. Жеңімпаздар қатарына кірмеген байқау қатысушыларына сертификаттар табысталады.

**«Арнайы пәндер бойынша үздік бейне шеберлік сыныбы»  
облыстық қашықтық байқауына қатысу үшін  
ӨТІНІМ**

Оқу орнының атауы	Қатысушының аты-жөні (толық), лауазымы	Бейне шеберлік сыныбының тақырыбы, пәні	Ұсынылған жұмыс қай тілде	Байланыс телефондары, e-mail

Оқу орнының директоры \_\_\_\_\_ Аты-жөні  
(қолы)

М.О.

